

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының төрағасы
Асанов Жақып Қажманұлына**

**Атырау облыстық сотының
төрағасы
Бектұрғанов Марғұлан
Жұбанышұлына**

АЛҒЫС БІЛДІРУ ХАТЫ

Атырау қалалық сотының өндірісінде Махмудова Самая Вахабқызының Агаев Тахир Гафуроғлына және Лалазарова Тамара Евгеньевнаға 2012 жылдың 03 мамырындағы сатып алу – сату шарты жарамсыз деп тануды және мемлекеттік тіркеудің күшін жоюды сұрау туралы талап қою арызы бойынша азаматтық ісі қаралып, 2017 жылдың 29 қарашасында сот шешімімен талап қоюшының талап қою арызы қанағаттандырылудан бас тартылған.

Аталған сот шешіміне талап қоюшы С.Махмудова апелляциялық шағым келтіріп, шағым Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасында қаралып, 2018 жылдың 15 ақпанындағы алқа қаулысымен Атырау қалалық сотының 2017 жылдың 29 қарашасындағы шешімі өзгеріссіз қалдырылып, талап қоюшының апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының «Халқы сотына сенетін қоғам ең дамыған қоғам» деп айтылған нақыл сөзінен осы алғыс білдіру хатымызды бастағымыз келеді.

Бұған себеп, Атырау қалалық сотының судьясы А.С.Серикова және Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасының судьялары С.Г.Байменова, Ж.Н.Мадьярова және С.К.Хасан аталған азаматтық істі қарау барысында өздерінің міндеттерін жоғары деңгейде атқарып, жан – жақты және объективті түрде қарап, парасатты және әділ шешім қабылдады.

Сот жүйесіндегі осындай тынымсыз еңбегі, әділдікті орнату, жоғары кәсіби деңгейі үшін аталған Атырау қалалық сотының судьясы А.С.Сериковаға және Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасының судьялары С.Г.Байменоваға, Ж.Н.Мадьяроваға және С.К.Хасанға зор ықыласпен алғысымызды білдіреміз.

ҚҰРМЕТПЕН:

Л.Т. Евгеньева

Өкіл:

**З.Б.Кузденгалиева
Н.А.Мубарак**